

Қауымдық сервитут белгілеу туралы

Ақтөбе облысы Шалқар ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 5 мамырдағы № 88 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 6 мамырда № 8289 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Жер кодексінің 17, 69 және 71-1 баптарына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес, Шалқар ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Шалқар ауданы, Бершүгір ауылдық округі аумағында орналасқан жалпы көлемі 1100 гектар жер учаскесіне жер пайдаланушылардан алып қоймай, "ERG Exploration" (И-АР-Джи Эксплорейшен) акционерлік қоғамымен пайдалы қазбаларды барлау үшін 2025 жылдың 24 желтоқсанына дейінгі мерзімге қауымдық сервитуті белгіленсін.

2. "Шалқар аудандық жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны Ақтөбе облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы қаулыны, оны ресми жариялағаннан кейін Шалқар ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Шалқар ауданының әкімі

Ж. Жидеханов